



5 сынып оқушыларына арналған «Озуқов» ағылшын тілі және математика пәндер олимпиадасын өткізу туралы ереже

1. Жалпы ереже

- 1.1 Олимпиаданы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен және «125 International school of Taraz» жауапкершілігі шектеулі серіктестік мектебі мен Жамбыл облыстық білім беру басқармалары бірлесе ұйымдастырып өткізеді.
- 1.2 Олимпиаданың мақсаты ағылшын тілі және математика пәндері бойынша облыстық олимпиада резервісінің дайындық жүйесін жетілдіру және оқушылардың ағылшын тілі және математика пәндері бойынша білімін шыңдау болып табылады.
- 1.3 Олимпиада міндеттері:
 - ағылшын тілі және математика пәндері бойынша қабілетті балаларды анықтау, олимпиадалық резерв қалыптастыру;
 - оқушылардың зияткерлік олимпиадаларға қатысуын белсендендіру;
 - оқушылардың дербес түрде білім алу дағдыларын дамытып, оларды күнделікті өмірде қолдануға бейімдеу;
 - терең білімді және білімін шығармашылықпен қолдануға қабілетті дарынды балаларды анықтап, ынталандыру.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

- 2.1 Олимпиада қазақ тілінде «125 International school of Taraz» мектебінің базасында өткізіледі.
- 2.2 Олимпиада екі турдан тұрады.
- 2.3 Олимпиада оқу жылы бойынша бір кезеңде өтеді.
- 2.4 Олимпиада тапсырмаларын «125 International school of Taraz» мектебі әкімшілігі әзірлейді.
- 2.5 Облыстық олимпиада кезеңі. Өткізу уақыты - қараша айы. Облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде өңірлік «Дарын» орталығы мен «125 International school of Taraz» мектебі бірлесіп өткізеді.
 - Облыстық кезеңінің тапсырмалары екі бөлімнен тұрады:
 - бірінші бөлім - тест жұмысы
 - екінші бөлім - бақылау жұмысы
 - Берілетін уақыты - 90 минут
- 2.7 Олимпиаданың ашықтығын және академиялық адалдығын сақтау үшін өткізу процесін онлайн режимінде қарау мақсатында бейне бақылау жүйесімен (бір аудиторияда кемінде жалпы көріністі алатын бір камера) қамтамасыз етіледі.
- 2.8 Олимпиада басталғанға дейін ұйымдастыру комитетінің өкілі олимпиада қатысушыларына нұсқама өткізеді. Олимпиада турының ұзақтығы және нұсқаулық ережесін бұзған жағдайда қатысушыларды шектеу туралы хабарлайды.
- 2.9 Олимпиада 2024 жылдың ___ қараша, сағат 09:00-де, Қолбасшы Қойгелді 81, «125 International school of Taraz» ЖШС ғимаратында өткізіледі.

3. Олимпиада қатысушылары

3.1 Олимпиадаға Жамбыл облысы бойынша барлық жалпы білім беретін мектептерінің 5 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2 Облыстық кезеңге әр ауданнан 2 оқушыдан (ағылшын тілі – 1, математика – 1) және Тараз қаласынан 30 (ағылшын тілі – 15, математика – 15) оқушы қатыстырылады.

3.3 Олимпиадаға қатыса алмайтын оқушылардың орнына басқа оқушылар алмастырылмайды.

3.4 Олимпиада барысында қатысушыларға бір-бірімен сөйлесуге, аудитория бойынша еркін жүріп тұруға тыйым салынады.

3.5 Олимпиада барысында қатысушыларға ұялы телефондар, смартфондар, ноутбуктер, ақпарат тасымалдағыштар және т.б. қолдануға тыйым салынады.

3.6 Қатысушы осы тәртіпті және әрбір жалпы білім беретін пән бойынша олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге бекітілген талаптарды бұзған жағдайда, Олимпиаданы ұйымдастырушының өкілі қатысушыны шеттету туралы акт жасай отырып, осы қатысушыны аудиториядан шығаруға құқылы.

4. Олимпиаданың қазылар алқасы

4.1. Ұйымдастырушылар өз құзыреті шегінде:

- Олимпиаданы өткізу мерзімін, тәртібін және орнын үйлестіреді;
- жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, облыстың жалпы білім беретін мектептерінен және дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің мұғалімдері қатарынан қазылар алқасының құрамын құрастырады;
- Олимпиаданы өткізу кезінде туындаған тартысты жағдайларды қарастырады;
- тапсырма материалдарын және баға критерийлерін әзірлейді;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлер тізімін бекітеді;
- Олимпиада тапсырмаларының шешімін жариялайды және Олимпиада туралы ережеге сәйкес басқа да функцияларды іске асырады.

5. Олимпиаданы қорытындылау

5.1. Олимпиада қорытындысы бойынша I,II,III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификат табысталады.

5.2. Олимпиаданың барлық қатысушыларының қорытындысы «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде және «125 International school of Taraz» мектебінің Instagram парақшасына жарияланады.

6. Олимпиаданы қаржылық қамтамасыз ету

6.1. Олимпиаданы қаржылай қамтамасыз ету қол жетімді қаржылық ресурстар шеңберінде іске асырылады.

6.2. Олимпиадаға қатысуға төлем өндіруге жол берілмейді.